

«ФҮМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**Бекітемін**

«Фұмарбек Даукеев атындағы Алматы  
енергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының ректоры



Сагинтаева С.С.

«20» мамыр 2020 ж.

**ANTIPLAGIAT.RU ЖҮЙЕСІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ  
ЕРЕЖЕЛЕРІН АНЫҚТАЙТАН, ПЛАГИАТТЫ АНЫҚТАУ  
ЖӘНЕ БОЛДЫРМАУ БОЙЫНША  
РЕГЛАМЕНТ**

**1 басылым**

Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы 2020 ж.



Сана менеджмент жүйесі

## Мазмұны

Күжат төлкүжаты .....	3
Келісу парағы .....	4
1. Жалпы ережелер .....	5
2. Оқытушы-профессор құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарын міндettі плағиатқа тексеру ережелері .....	6
3. Дипломдық жұмыстарды, магистрлік және докторлық диссертацияларды міндettі плағиатқа тексеру ережелері .....	7
4. Арнайы ережелер .....	10

*Танысу парағы*

<i><b>Құжат төлкүнжаты</b></i>	
<b>Құжат түрі</b>	Ұйымдастырушылық құжаттама
<b>Құжат атауы</b>	Antiplagiat.ru жүйесімен жұмыс істеу ережелерін анықтайтын, плалиатты анықтау және болдырмау бойынша Регламент
<b>Құжат мақсаты</b>	Регламент плалиатты анықтау және болдырмау процедурасының қызмет ету тәртібі мен ережелерін, сондай-ақ Antiplagiat.ru жүйесін пайдалану механизмін анықтайды
<b>Әзірлеген</b>	Академиялық мәселелер департаментінің директоры
<b>Келісілген</b>	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Заң кеңесшісі Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің жетекші маманды
<b>Бекіткен</b>	Ректор
<b>Құжат орындаушылары</b>	АТД, АМД қызметкерлері, кафедра менгерушілері, институт директорлары
<b>Орындалуын бақылаушы</b>	Академиялық қызмет жөніндегі проректор
<b>Нормативтік сілтемелер</b>	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
<b>Түпнұсқа иесі</b>	Сапа менеджмент жүйесі бөлімі

## Келісу парагы

Регламент келісілді:

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

Коньшина С.

«20» 05 2020 ж.



Заң кеңесшісі

Абдемирова А.


«20» 05 2020 ж.



Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы

Птурар 2.С.


«20» 05 2020 ж.



Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің жетекші маманы

Екалбекова Н.

«20» 05 2020 ж.



Әзірлеген:

Академиялық мәселелер департаментінің директоры

Мухамеджанов А.

«20» 05 2020 ж.



## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы Antiplagiat.ru жүйесімен жұмыс істеу ережелерін анықтайтын, плалиатты анықтау және болдырмау бойынша осы Регламент (бұдан әрі - Регламент):

1.1.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;

1.1.2 Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанды № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;

1.1.3 Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-I «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Заңына;

1.1.4 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығына

сәйкес әзірленген.

1.2. Регламент плалиатты анықтау және болдырмау процедурасының қызмет ету тәртібі мен ережелерін, сондай-ақ университет кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің Antiplagiat.ru жүйесін (бұдан әрі - жүйе) пайдалану механизмін анықтайды.

1.3. Плалиатқа тексеру процедурасы міндетті түрде білім алушылардың докторлық/магистрлік диссертацияларына, дипломдық жұмыстарына қолданылады. Сондай-ақ плалиатты анықтау және болдырмау процедурасы университеттің Тақырыптық басылым жоспарында жоспарланған оқытушы-профессорлар құрамының (бұдан әрі - ОПК) оқулықтары мен оқу-әдістемелік қуралдарына және «АӘжБУ жаршысы» журналының редакциясынан алынған ғылыми мақалаларға қолданылады.

1.4. ОПК басқа ғылыми мақалаларын, білім алушылардың курсық жұмыстарын, рефераттарын, эсселерін және басқа да жұмыстарын оқытушы тексеру нәтижелерін экранның скан-көшірмесі түрінде өз компьютерінде емтихан сессиясы аяқталғанға дейін сақтай отырып, плалиатқа тексеру жүйелерінің тегін онлайн-ресурстары арқылы (<https://text.ru/antiplagiat>, <http://antiplagius.ru/proverka-antiplagiat-onlain.html>, <https://antiplagiat.ru>) өз бетімен тексереді.

1.5. Білім алушылар мен ОПК жұмыстарын жүйеде тексеру жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті үйлестіретін жүйе администраторы Ақпараттық технологиялар департаментінің (бұдан әрі - АТД) директорымен АТД қызметкерлерінің ішінен тағайындалады.

1.6. Кафедра атынан жауапты тұлға кафедра менгерушісімен тағайындалады. Жұмыстарды тапсыру және алу тек қана тиісті кафедра өкілі арқылы жүргізіледі.

1.7. Жұмыстарды тексеру жұмыс түскеннен кейін [plagiat@aes.kz](mailto:plagiat@aes.kz) кіріс поштасының журналындағы жазбаға сәйкес қатаң түрде кезектілік ретімен жүргізіледі. Жұмысты жүйеге талдау үшін енгізген сөттен бастап, жұмыс мәтіні екі-үш жұмыс күні көлемінде өндөледі.

1 басылым

Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді

11 беттен 5



1.8. білім алушылардың тағайындалған жетекшілері, кафедра менгерушілері, институт директорлары, оқытушылар, сондай-ақ жұмыстарды тексеруге қатысы бар университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Регламентпен таисуға міндettі.

1.9. Академиялық мәселелер департаменті (бұдан әрі - АМД) жұмыстарды кездейсоқ іріктеу әдісімен мониторинг жүргізді. Егер плағиаты бар жұмыстар қабылданғаны анықталатын болса, авторларға, ғылыми жетекшілерге, ОПҚ, қызметкерлерге қатысты университеттің ішкі нормативтік актілерімен қарастырылған тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылатын болады.

## **2. Оқытушы-профессорлар құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарды міндettі тексеру ережелері**

2.1. Мәтінде қолданылған символдар сәйкесінше алфавитке тиесілі болуы және біркелкі қаріппен жазылуы тиіс, яғни, мысалы, орысша мәтіннің символдарына орыс тілі қарпі қолданылып, қазақша мәтіннің символдарына қазақ тілі қарпі қолданылып, ағылшынша мәтіннің символдарына сәйкесінше ағылшын тілі қарпі қолданылып, және т.с.с. жазылуы тиіс. АМД қызметкери плағиатты анықтау және boldырмау үшін жұмыс мәтінін электронды түрде редакторлық тексеруден кейінгі ақырғы редакциясымен [plagiat@aues.kz](mailto:plagiat@aues.kz) поштасына жібереді. Жұмыс мәтіні DOCX (Microsoft Word) форматында болуы тиіс. Электронды файл атауында жұмыс авторының Т.А.Ә. және тексерілетін жұмыстың түрі (окулық, оқу-әдістемелік құрал және т.б.) көрсетілуі қажет.

2.2. Тексеру процедурасы оқу материалдарын antiplagiat.ru жүйесінде тексеруге жауапты АТД қызметкерлерімен атқарылады.

2.3. АТД қызметкери жұмыс мәтінін талдау үшін жүйеге жүктейді.

2.4. Әрбір тексерілген жұмыс бойынша жүйеде ұқсастық жөнінде есептеме генерацияланады және плағиатқа тексеру нәтижелері жөнінде анықтама беріледі. Жұмысты плағиатқа тексеру нәтижелері жөніндегі есептеме мен анықтама қайтадан АМД-не жіберіледі.

2.5. Осы регламентте қарастырылмаған шаралар тәртібіне қатысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орындарының қызметін регламенттейтін нормативтік актілерге сәйкес АҚ жөніндегі проректормен шешіледі.

### 3. Дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды міндетті плалиатқа тексеру ережелері

3.1. Білім алушылар мен АТД қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасын болдырмау мақсатында кафедра менгерушілері кафедра бойынша дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертацияларды (бұдан әрі – бітіру жұмыстарын) antiplagiat.ru жүйесінде тексеруге тапсыру үшін жауапты қызметкерді тағайындауы тиіс және сол қызметкердің поштасын АТД-не беруі тиіс. Кафедра бойынша жауапты қызметкерлер:

3.1.1. бітіру жұмыстарын қабылдаған кезде тапсырылған материалдардың жиынтығын 3.3 тармағындағы талаптарға сәйкес тексеріп алуы;

3.1.2. жұмысты барлық қажетті материалдар жиынтығымен плалиатқа тексеру үшін АТД қызметкерлеріне [plagiat@aues.kz](mailto:plagiat@aues.kz) поштасына жіберуі тиіс. Жұмысты жіберген кезде электронды хаттың тақырыбында:

ИНСТИТУТ\_КАФЕДРА АТАУЫ\_ТОБЫ\_ТАӘ көрсетуі тиіс.

(Мысалы: БЖАТИ\_АжБ\_АУТ-00-00\_Алексеев\_АА).

3.2. Бітіру жұмыстарының мазмұнына ғылыми жетекшілер жауап береді. Жетекші жұмыстардың тақырыптарының бұйрықта бекітілген тақырыптармен сәйкестігін тексеруі тиіс.

3.3. Алдын-ала қорғаудан өткеннен кейін, бірақ қорғауға рұқсат берілгенге дейін білім алушылар бітіру жұмыстарын бір архивпен кафедра бойынша плалиатқа жауапты қызметкерге жібереді. Архив ішінде:


3.3.1. бітіру жұмысының толық электронды нұсқасы, оның ішінде: бір файлда (Microsoft Word форматындағы) сақталған, толықтай толтырылған титулдық бет, тапсырма мен кесте, үш тілдегі андатпа, мазмұны, негізгі бөлімдер, әдебиеттер тізімі және, бар болған жағдайда – қосымшалар болуы тиіс;

3.3.2. бір pdf-файлда сақталған, экономика, ӨТК, арнайы бөлім кеңесшілері мен жетекші жіберген хаттардың скрин-көшірмелері (тек корпоративты поштамен келгендері ғана қабылданады);

3.3.3. бөлек-бөлек pdf-файлда сақталған 3 тілдегі андатпа;

3.3.4. бұйрық бойынша бекітілген тақырыптарға сәйкес келетін тақырып пен ТАӘ жазылған txt-файл салынған болуы тиіс.

Плағиатқа тексеру үшін қажетті файлдардың дұрыс сакталу мысалы:



3.4. Білім алушылардың диплом қорғау науқаны кезінде тексеруді жылдамдату үшін АҚ жөніндегі проректордың өкімімен АТД жұмыс тобын кафедралардың инженерлерімен күшейтілуі мүмкін.

3.5. Жасырын бұрмалау фактілері (жұмыс мазмұнына сәйкес келмейтін мәтін үзінділерін қою, АЭжБУ бекітілген стандарттарынан өзге қаріппер мен олардың өлшемдерін қолдану, синонимдердің мағынасыз жиынтығы және т.с.с.) анықталған жағдайда АТД қызметкери бірден жазбаша түрде бұл келеңсіз факт жөнінде кафедра бойынша жауапты қызметкерге және кафедра менгерушісіне жауап хатта плағиатқа тексеру нәтижелерін жоққа шығара отырып хабарлайды. Эрі қарай білім алушының қорғауға жіберілу мәселесін кафедра менгерушісі шешеді. Дұрыс рәсімделген жағдайда жұмыс плағиатқа тексеру үшін АТД қызметкерлерімен жүйеге жүктеледі.

3.6. АТД қызметкери Университеттің жинақталатын жұмыстар қорына қосу үшін жұмыстың электронды нұсқасын Университет серверіне сақтайды; тексеру жүргізеді, жұмыстың түпнұсқалық пайызы көрсетілген тексеру нәтижелері жөніндегі анықтаманы жүктеп алады және толық электронды есептемемен бірге плағиатқа жауапты кафедра қызметкерінің корпоративті поштасына жібереді. Білім алушылардың бітіру жұмыстарының түпнұсқалары білім алушылармен емес, кафедра бойынша жауапты қызметкермен қағазға басып шығарылады.

3.7. Білім алушыға жұмысын қорғауға рұқсат ету түпнұсқалық көрсеткіші: бакалаврдың дипломдық жұмысы үшін – 40%-дан жоғары, магистрлік диссертация үшін – 60%-дан жоғары, докторлық диссертация үшін – 70%-дан жоғары болған кезде ұсынылады.

Үлкен көлемдегі типтік есептеулердің, статистикалық мәліметтердің және т.с.с. себебінен түпнұсқалық көрсеткіші: бакалаврдың дипломдық жұмысы үшін – 40%-дан төмен, магистрлік диссертация үшін – 60%-дан төмен, докторлық диссертация

1 басылым

Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді

үшін – 70%-дан төмен болған жағдайда жұмыс тек жетекші мен кафедра менгерушісінің жеке жауапкершілігімен қорғауға жіберіледі. Олар плалиаттың жоқтығына (барлық дереккөздерге сілтеме бар екендігіне) және жұмыстың есептік және/немесе жобалық және/немесе ғылыми-зерттеу бөлігін білім алушының өзі орындағанына көз жеткізуі және соны растауы тиіс. Сонымен қатар жетекші типтік пікірден бөлек, тексеріліп отырған жұмыстың техникалық тапсырмасын antiplagiat.ru жүйесімен көрсетілген алғашқы дереккөздермен егжей-тегжейлі салыстыра отырып, плалиатқа тексеру нәтижесіне қысқаша талдау жасаған, сондай-ақ білім алушының жүйемен белгіленген әрбір үзіндіде қандай әдістемелік нұскауларға немесе әдебиетке сілтеме жасағанын түсіндірген түсіндірме жазбасын жазады. Кафедра менгеруші жетекшінің плалиат нәтижесіне берген түсіндірме жазбасы негізінде білім алушыға қорғауға рұқсат беру немесе бермеу жөнінде өз шешімін береді (бұрыштама қояды). Жетекшінің түсіндірме жазбасы міндетті түрде бітіру жұмысының басылмасымен және кеңесшілер мен норма бақылауышының растайтын қатынасхваттарымен бірге МАК-ға және әрі қарай – Университет мұрағатына тапсырылады.

3.8. Айрықша жағдайларда үлкен көлемдегі технологияларға, техникалық шешімдерге жасалған талдау мен шолу, жабдықтың сипаттамасы немесе статистикалық мәліметтер болған жағдайда алдыңғы тармақтағыдай ғылыми жетекшінің түсіндірме жазбасын жазуы арқылы түпнұсқалықтың төмен көрсеткішімен қорғауға рұқсат етіледі.

3.9. Тексеру нәтижесі бойынша оң шешім болған жағдайда (жұмыс мәтінін өзгертусіз) кафедра менгеруші жұмыстың титулды параграфына қол қойып, қорғауға рұқсат береді.

3.10. Егер кафедра менгеруші жұмыста әдебиеттерге сілтемелерді толықтыру қажет деп есептесе, білім алушы тек сол өзгерістерді ғана енгізуі тиіс, және енгізгеннен кейін ол өзгерістерді менгерушіге көрсетуі тиіс. Содан соң кафедра менгеруші тек қана корпоративті пошта арқылы АТД директорының атына, плалиатқа тексеру процедурасынан өткен мәтінмен салыстырмалы түрде білім алушымен енгізілген өзгерістерді көрсете отырып, өзгерілген жұмыс мәтінін плалиатқа қайта тексермesten жалпыуниверситеттік қорға енгізу туралы қызметтік жазба жазады.

3.11. Кафедралар қорғау өткен соң 5 күннен кешіктірмей АТД-не бітіру жұмыстарын қорғап шыққан білім алушылар жөнінде ақпаратты хабарлауы тиіс. АТД олардың жұмыстарын интернет арқылы барлық ізденушілер ашық қарай алулары үшін [www.aues.kz](http://www.aues.kz) сыртқы сайтында орналастырады.

3.12. Түпнұсқалық пайызын арттыру мақсатында екінші қайтара ақысыз плалиатқа тексеру жүргізуге рұқсат етілмейді. Білім алушы Ректормен бекітілген «Өтемді қызметтер көрсету келісімшартына» сәйкес өз жұмысын ақылы негізде, тек оның ТАӘ, төлем мақсаты (плалиатқа қайтадан тексеру) көрсетілген төлем жөніндегі түбіртектің суретін АТД қызметкерлеріне жібергеннен және бухгалтерия қаражаттың Университет есепшотына түскені туралы фактін растағаннан кейін

1 басылым

Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді

қайтадан тексеруден өткізе алады. АТД қызметкері растаманы бухгалтериядан өз бетімен 1 (бір) жұмыс күні ішінде сұратады. Жұмыстарды қайтадан тексеру жұмыс түскен соң және бухгалтерия қаражаттың Университет есепшотына түскені туралы фактіні раставан соң, [plagiat@aes.kz](mailto:plagiat@aes.kz) кіріс поштасының журналындағы жазбаға сәйкес қатаң түрде жалпы кезектілік бойынша жүргізіледі.

3.13. Осы регламенттің қадағалануын бақылау АМД директоры Р.Р. Мухамеджановаға жүктеледі.

#### 4. Арнайы ережелер

4.1. Білім алушылардың барлық жұмыстарын (курстық жұмыстар, жобалар, эссе және басқа да жазбаша жұмыстар) қабылдаушы оқытушы міндепті тәртіппен плағиатқа тексеру жүйелерінің тегін онлайн-ресурстары арқылы (<https://text.ru/antiplagiat>, <http://antiplagius.ru/proverka-antiplagiat-onlain.html>) және т.б.) тексеруден өткізуі тиіс.

4.2. ОПҚ ғылыми мақалаларын («АӘжБУ жаршысы» журналының редакциясымен қабылданғандарынан басқа) плағиатқа тексеруді де плағиатты анықтау жүйелерінің тегін онлайн-ресурстарында жүзеге асыру ұсынылады.

4.3. Білім алушы өз жұмысын плағиатқа тексеруден бір рет тегін өткізуге құқылы. Екінші және үшінші рет тексеруден өткізу ақылы, тексеру нәтижесінен төмен пайыз алып қалған жағдайда шешім кафедра менгерушісімен қабылданады.

## *Танысу наразы*

## **1 басылым**

### **Кол қойылған күннен бастап күшіне енеді**

11 беттен 11

